...РЫ, БІРІГІҢДЕР!

...УЫ

...ІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР
...б)П ПЕТРОПАВЛ

Шығуына 33 жыл
саны 20 тыйын.

...ы БК(б)П
...де

...рының
...сауда
...міту

...саласында табыс-
...өзіндік бағасының
...еті 1952 жылғы
...ының мемлекеттік
...н деп тапты.
...аулы етті:
...ының мемлекеттік

12 процент
12 процент
15 процент
... басқа
15 процент
12 процент
12 процент
15 процент
15 процент

# Қазақ ССР Жоғарғы Советінің мәжлістері

# Қазақ ССР-інің 1952 жылға арналған Мемлекеттік бюджеті туралы және Қазақ ССР-інің 1950 жылғы Мемлекеттік бюджетінің орындалуы туралы

## *Қазақ ССР Финанс министрі Т. ТӨЛЕБАЕВТЫҢ баяндамасы*

Депутат жолдастар! Үшінші сайланған Қазақ ССР Жоғарғы Советінің екінші сессиясы ұлы Отанымыздың орасан зор жаңа жеңістерге жетуі арқасында совет халықтарының саяси және өндірістік белсенділігі онан сайын мықтап күшейген жағдайда өткізіліп отыр.

ССРО Министрлер Советі жанындағы Орталық санақ басқармасының «1951 жылы ССРО халық шаруашылығын өркендетудің мемлекеттік жоспарының орындалу қорытындылары туралы» хабарында келтірілген цифрлар және ССРО Жоғарғы Советінің жақын арада өткен сессиясында ССРО Финанс министрі Зверев жолдастың «ССРО-ның 1952 жылға арналған Мемлекеттік бюджеті туралы» баяндамасында келтірілген мәліметтер Совет Одағының экономикасы мен мәдениетінің мықтап өркендегенін дәлелдейді.

Еліміздің халық шаруашылығы күшті қарқынмен өркендеп алға басуда. 1950 жылмен салыстырғанда 1951 жылы өнеркәсіп өнімін шығару 16 процент артты. Дәнді дақылдардың жалпы түсімі 7 миллиард 400 миллион пұтқа жетті, техникалық дақылдар өнімі үздіксіз ұлғаюда, қоғамдық мал барған сайын көбеюде.

Совет Одағы еңбекшілерінің 1951 жылғы жаңа табыстары шаруашылықтың социалистік системасының капиталистік системадан аса ұлы артықшылығын тағыда дәлелдейді.

АҚШ бастаған империалистік лагерьде дүниежүзілік жаңа соғысқа әзірлік, жан...

...жеті кірісі жағынан 4.034,7 миллион сом, шығысы жағынан 3.936.7 миллион сом, 1951 жылы, алғашқы мәліметтер бойынша, кірісі жағынан 4.238,9 миллион сом, шығысы жағынан 4.154,2 миллион сом болып орындалды.

1950 жылы сияқты 1951 жылы да бюджет кірісі, шығысынан асыра орындалды.

1951 жылы республиканың Мемлекеттік бюджеті кіріс жағынан 41,3 миллион сом асыра орындалды; бюджеттің кірісі 1950 жылғыдан 204,1 миллион сом, немесе 5 процент артты.

1951 жылы республиканың Мемлекеттік бюджетінің кірістері негізінен социалистік кәсіпорындары мен ұйымдардан түскен қаржыдан құралды. Бұл кіріс 2.703.2 миллион сом, немесе бюджеттің барлық кірістерінің 63,8 проценті болды, оның ішінде айналым салығынан 2.116.8 миллион сом, мемлекеттік кәсіпорындары мен шаруашылық ұйымдардың пайдасынан алынатын үлестен 284,7 миллион сом түсті.

1951 жылы республиканың бюджетіне пайдадан үлес беру жоспары 102,2 процент орындалды. Алайда бұл жерде мынаны көрсету қажет: жоспар тұтасынан алғанда асыра орындала тұрса да, Қазақ ССР-нің бірқатар министрліктері мен республикалық мекемелері 1951 жылы өздерінің бюджет алдындағы міндеттемелерін орындамай, 15,8 миллион сом қаржыны кем берді. Атап көрсеткенде олар мыналар: Кинематография министрлігі, Ет және сүт өнеркәсіп министрлігі, ...

...миллион сом, шығысы —3.821,2 миллион сом.

1952 жылға арналған жергілікті бюджеттердің көлемі 2.418,5 миллион сом болып белгіленді, мұның өзі —республиканың Мемлекеттік бюджетінің 54,6 проценті, 1951 жылғымен салыстырғанда жергілікті бюджеттер 175 миллион сом, яғни 7,8 процент көбейеді, облыстарға бөлгенде кірісі мен шығысы жағынан мынадай мөлшерде белгіленді:

(Мың сом есебімен)

| | |
|---|---|
| Алматы облысы | 121.467 |
| Ақмола облысы | 132.283 |
| Ақтөбе облысы | 126.976 |
| Шығыс Қазақстан облысы | 189.157 |
| Гурьев облысы | 105.025 |
| Жамбыл облысы | 130.671 |
| Батыс Қазақстан облысы | 132.986 |
| Қарағанды облысы | 239.736 |
| Қызылорда облысы | 97.408 |
| Көкшетау облысы | 112.348 |
| Қостанай облысы | 141.461 |
| Павлодар облысы | 117.501 |
| Солтүстік Қазақстан облысы | 125.209 |
| Семей облысы | 152.677 |
| Талдықорған облысы | 131.313 |
| Оңтүстік Қазақстан облысы | 237.261 |
| Алматы қаласы | 125.067 |

Жергілікті бюджет бойынша белгіленген қаржы жергілікті халық шаруашылығын және әлеуметтік -мәдени шараларды өркендету жөніндегі 1952 жылға белгіленген жоспардың орындалуын қамтамасыз етеді.

Еңбекшілер депутаттары облыстық, қалалық және аудандық Советтерінің атқару комитеттері және финанс орындары бюджет бойынша белгіленген барлық кірістердің мезгілінде түгел түсуін, жергілікті шаруашылық, мектептер, ауруханалар, балалар үйлері және басқа әлеуметтік -мәдени шаралар қажетіне керекті қаржының үздіксіз беріліп отырылуын қамтамасыз етуге міндетті.

Еңбекшілер депутаттары облыстық, қалалық және аудандық Советтерінің атқару комитеттері, әсресе ауыл- селолық Советтерде бюджет қаржысын пайдалануды мейлінше жақсартып, бұл жұмысты ұйымдастыру ісінде оларға нақтылы практикалық көмек көрсетіп отыруға тиіс.

### Қазақ ССР-інің 1952 жылға арналған Мемлекеттік бюджетінің кірісі

Депутат жолдастар! Қазақ ССР Мемлекеттік бюджетінің негізгі кірісі, социалистік ұдайы өндіріс заңдары бойынша үздіксіз өркендеп отырған социалистік кәсіпорындар мен ұйымдардың түсімінен құралады.

Республиканың 1952 жылға арналған ...

...төзуге болмайды. Өнеркәсіп орындарының, өнім өткізетін базалардың және сауда ұйымдарының басшылары Мемлекеттік бюджет алдындағы финанс міндеттемелерінің мезгілінде және толық орындалуын қамтамасыз етуге тиіс.

Республиканың 1952 жылға арналған ...

